

«Растаймын»

«Almaty Finance» ЖШС (Алматы қаржы)

Басқарма төрағасының орынбасары /

Жұмыс тобының жетекшісі

Игенов Ж.С.



«16» наурыз 2024 жыл

2024 жылы «Almaty Finance» ЖШС (Алматы қаржы) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың басталуы туралы хабарлама.

2024 жылға арналған Алматы қаласының квазимемлекеттік ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – ЖТІТ) жүргізу кестесіне және «Almaty Finance» ЖШС (Алматы қаржы) Басқарма Төрағасының 2024 жыл 11 наурыздағы № 17 бұйрығына сәйкес «Almaty Finance» ЖШС (Алматы қаржы) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетін болады.

Серіктестік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

Нормативтік құқықтық актілерге және ішкі құжаттарға талдау жүргізу, қызметті, оның ұйымдық-басқару қызметін реттейтін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы (оның ішінде қызмет бағыттары бойынша) (*Серіктестікте тексерілетін кезеңде қабылданған қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау*);

– Ішкі нормативтік құжаттарда Серіктестіктің қызметіне әсер ететін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Тәуекелдерді анықтау және бағалау:

- Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Несиелеу/ жобаларды қаржыландыру процестеріндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықтау (кәсіпкерлік субъектілері);
- Қаржыландыру жобаларының дұрыс іске асырылуын бақылау процестерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;;
- Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын басқа мәселелерді іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Қаржы-экономикалық іс-шараларға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Мемлекеттік сатып алулар саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау
- Қызметтер бойынша ақпарат жинау (тәртіптік практика, лицензиялау функцияларын жүзеге асыру және басқа мәселелер).

– Интернет-ресурста, БАҚ және әлеуметтік желілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың басталғаны туралы хабарландыру (16.04.2024ж.);

– Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін қоғамдық талқылау (21.04.2024ж.);

– Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша аналитикалық анықтамаға қол қою (26.04.2024ж.).

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою:

– Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу (29.04.2024ж.);

– Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің аналитикалық есеп пен іс-шаралар жоспарын интернет-ресурстарда орналастыру (30.04.2024ж.);

– Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсынымдарды орындау туралы ақпаратты дайындау арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жоюға мониторинг жүргізу;

– Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша айқындалатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесін жасау;

– Серіктестіктің ресми интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлық тәуекелдер картасындағы ақпаратты жаңарту.

